

1-тарау.

Қаржы туралы ғылым пәні, объектісі, әдістері, мақсаттары мен тапсырмалары

1.1.

«Қаржы» пәні мен объектісі

Қаржы туралы ғылыми-оқу жүйесінің өз пәні, объектісі, әдістері, мақсаттары мен тапсырмалары болады.

«Қаржыны» зерттеу пәні болып қаржы ресурстары жататын өндіргіш күштер элементтері емес, қоғамдық өнімді айырбастау мен бөлу сатысындағы өндірістік қатынастар саналады. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың өндірістік тәсіл екендігі белгілі, ол қондырмамен бірге қоғамдық-экономикалық формацияны құрайды. Макро және микро деңгейдегі экономикалық субъектілердің, оған қоса мемлекет пен қалған әлемнің ақшалай қаражаттар қорын қалыптастыру, бөлу және пайдалануда пайда болатын өндірістік қатынастар қаржы туралы ғылыми-оқу пәнінің зерттеу пәні болып табылады.

Экономикалық дамудың қозғаушы құші болып саналатын, бір қоғамдық-экономикалық формация шеңберінде өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар арасында пайда болатын қайшылық, қаржы туралы ғылымның объектісі мен пәні арасындағы қайшылық арқылы сипатталады. Өндіргіш күштер өзінің дамуында өндірістік қатынастарды басып озады, осыған байланысты экономикалық субъектілерде ақшалай корларды қалыптастыру, бөлу және пайдалану принциптері мен тәртібі мемлекеттің атқарып отырган қызметіне, мақсаттары мен тапсырмаларына, жекелеген экономикалық субъектілердің кеңейтілген үдайы өндіріс жағдайына сәйкес келмеуі мүмкін.

«Қаржы» пәнінің зерттеу пәні болып өндіріс және тұтыну сатысында емес, корларды қалыптастыру, бөлу және пайдалану

процесіндегі айырбас және бөлуде немесе қорсыз нысанда пайда болған қатынастар саналады. Бір субъектіден келесісіне ақша ағынының болуы, қаржы қатынасының басты белгісі болып табылады.

Пәнге қаржы қатынасының мәнін, олардың рөлін, принциптерін, қызметтерін, қатысуышыларын, жүзеге асыру нысандарын, басқарудың қаржылық механизмдер құралдарын, құқықтық негізін, қызметтің көп қырлы нысандарында пайда болу ерекшеліктерін зерттеуі кіреді.

Қаржы туралы ғылым пәні болып, оны басқа экономикалық ғылымдардан айқындастын ерекшеліктер табылады. Бір объект әртүрлі ғылымдар өзінің ерекшелігімен әртүрлі қарастырылуы мүмкін. Мысалы, ғылым объектісі ретінде қаржы ресурстары ғылымның ерекше қызметіне сәйкес ерекшеленген қаржылық болжау, қаржылық жоспарлау, қаржылық менеджмент, қаржылық есеп, қаржылық бақылау, қаржылық талдау, қаржылық реттеу сиякты ерекше ғылымдарды зерттеуі мүмкін.

Қаржы ғылымының пәні болып мемлекеттің қызметтер мен тапсырмаларды атқару мақсатында және экономикалық субъектілердің кеңейтілген үдайы өндіріш шарттарын қамтамасыз ету үшін ақшалай қаражаттардың орталықтандырылған және орталықсыздандырылған қорларын (мемлекеттің, кәсіпорындардың, үйымдар мен шаруашылық субъектілерінің) қалыптастыру, бөлу және пайдаланумен байланысты экономикалық қатынасының белгілі жүйесі болып табылады.

Қаржы туралы ғылымның пәні болып бір деңгейдің экономикалық субъектілерінің қызметіндегі, объективті ішкі және сыртқы факторларының әсерінің нәтижесінде қалыптасқан, қаржыландыру процесі табылады. Сыртқы факторлар экономикалық заңдардың ерекетін сипаттайты, ал субъективтілері адамдардың нақты қызметіне байланысты және толығымен оларға тәуелді болады. Осылайша, қаржы туралы ғылым кешенди сипатта болады.

Қаржы қатынастарын экономикалық өндірістік қатынастар бөлігі ретінде талдау процесінде әртүрлі факторлар әсерінен қалыптасқан өзара байланыс пен өзара тәуелділік зерттеледі. Қаржы құбылыстарының себепті-салдарлы байланыстарын тану,

олардың мәнін ашуға және осының негізінде нәтижеге дұрыс баға беруге, резервтерді анықтауға, дұрыс басқарушылық шешімдерді негіздеуге мүмкіндік береді.

«Қаржы» пәнін зерттеудің объектісі болып ерекше ақшалай қорларда жинақталған және кассадағы қалдық, сонымен қатар банк шоттарындағы қаражаттар нысанында сипатталатын қаржы ресурстары есептелінеді. Бұл ресурстар олардың мұліктерінің, активтерінің бір бөлігі, кез келген елдің өндіргіш күштерінің құрамдас элементі болып табылатын капитал және ол ақшалай нысанда болуы керек.

Кәсіпорын кассасында, банктегі есеп айырысу және валюталық шоттарда ақша қалдығының болуы, кез келген уақытта оларды қондырғыларды, шикізаттарды, материалдарды алуға, жаңа цехтар құрылышын жүргізуге, материалдық көмек көрсетуге, өндірісті кенеттүгे, ал үй шаруашылығына жылжымайтын және жылжитын мұлікті алуға, білім беруді төлеуге, емделуге, демалуга және т.б. жұмысаға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы әлемде ақшалай қаражаттар қазба байлық түрінде болмайды, олар субъектілер арасында қозғалауға арналған, сондықтан да ол адамзат тарихының басында тауар өндірісінің пайда болуы мен дамуы сатысында ашылған. Олар тауарларды сату және сатып алу немесе қызметтерді атқару процесінде айырбас құралы болып табылады, мұнда тауардың айырбас құнын сипаттау үшін олардың тұтынушылық құнынан көрінеді. Ақша, сонымен қатар тауардың көрінешінде қозғалысынсыз бір жақты сипатта болуы мүмкін.

Экономикалық субъектіде жинақталған ақшалай қаражаттар ешнәрседен пайда болмаған, ол қайсібір көздерден алынған. Мысалы, кәсіпорынның бастапқы ақшалай қаражаттары құрылтайшылардың жарна салу процесінде пайда болған. Осы жарнайлардың сомасы жарғылық капитал деп аталады. Кәсіпорын бөлінбеген кірісті өткізуден түсken түсімді алу мен өздерінің шығындарын жабу жолымен жинақтайтынын, содан соң ақшалай қаражаттарды қорларға бағыттайтынын (мысалы, өндірісті дамыту қоры).

Банктердің активтері болып табылатын несие ақша массасын банктер көп жағдайларда клиенттердің депозиттері, банкаралық несие есебінен қалыптастырады. Мемлекет бюджетке ақшаны салықтық немесе салықтық емес түсімдер және т.б. есебінен жинақтайтынын.

Тауар мен қызметке төлем нысанындағы барлық ақша ағындары, ақшаның мемлекет бюджетіне салық нысанындағы, мемлекеттің жеке немесе заңды тұлғаларға зейнетакы, жәрдемақы, субсидиялар түріндегі бір жақты қозғалысы қаржылар категориясына жатады және олардан алғын пайдалануға болатын белгілі көзді талап етеді. Бұл көздер әлемдік тәжірибеде қорлар деп аталады, ал бухгалтерлік баланста олар пассивті болады, меншікті немесе қарыз капиталының құрамына енеді.

Қоғамдық еңбек бөлінісі негізіндегі тауар өндірісінде, яғни тауарлар өзі үшін емес, қоғамның басқа мүшелері үшін өндірілгенде тауар үшін ақша беру қажет болатын айырбас, сатып алу - сату қатынасы процесі объективті болып табылады. Бұл экономикалық субъект өзінің ақшасына тауар немесе қызмет түрлерін айырбастайтын, қондырғылардың жөндеуін жүргізетін, цех ғимаратын соғатын және т.б. тауарлы - ақша қатынасындағы он ақша ағыны.

Қоғамдық өнім қозғалысы сатыларының құрамында өндіріс сатысынан кейін екінші және айырбас пен тұтынудан бұрын тұратын бөлу сатысы болады. Оnda тауар мен қызметті өткізуден түсken түсім тауар мен қызметті өндіруге қатысқандар мен өткізуге көмектескендегі арасында бөлінеді. Кәсіпорын сатып алғынған шикізат үшін жабдықтаушыларға, көрсетілген қызмет үшін мердігерлерге, жұмысшыларға жалакы, мемлекетке салық, құрылтайшыларға дивиденттер немесе пайыз және т.б. төлемдерді төлеуі қажет. Бұл жерде тағы да ақша ағыны пайда болады, бірақ ол теріс болады. Бұндай жағдайсыз макроэкономика да, әлемдік экономика да болмайды.

«Қаржы» пәнінің зерттеу объектісін ғалымдар жан-жақты талқылайды. Материалдық, еңбек, қаржы ресурстары және жинақтардың қорлардың, кірістердің қалыптасу көздері аталады. Зерттеу объектісіне экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік және басқалай қатынастарды, сонымен қатар қаржы саласында жинақталған қаржылық тәжірибелі де жатқызады.

Біздің пікіріміз бойынша, «Қаржы» пәнін зерттеудің объектісі болып тек қана ақшалай нысандағы қаржы ресурстары саналады, яғни алдын ала қалыптастырылған ақшалай қорлардан күнның қозғалысы болатын экономикалық құбылыс. Осыған байланысты жарғылық капиталға материалдық нысандағы салымдар, кәсіпорын жұмысшыларына кәсіпорын өндірген өнім түрінде жалақы беру қаржылық болып саналмайды.

Қаржы субъектілері болып қаржылық қатынасқа қатысушылар саналады: шаруашылық, коммерциялық, мемлекеттік, қоғамдық және басқалай органдар, мекемелер, үй шаруашылығы, басқалай экономикалық агенттер.

1.2.

«Қаржы» пәнінің әдістері

Қаржы қатынастарын зерттеу процесінде қаржы туралы ғылым экономикалық әрекетті танудың тәсілдері мен амалдарының жиынтығы ретінде әдістерді пайдаланады. Материалистік диалектика, диалектикалық логика әдістері басты болып саналады. Ол барлық құбылыстар мен процестерді, соның ішінде дамуды, қаржылық процестерді қарастырады. Даму бүралым бойынша қозғалысты қарастырады, әрбір оралымда откен кезеңнің қолайлылары қабылданады және прогрессивті жаңалық қосылады.

Айырбас және бөлу сатысында қаржы қатынастарын зерттеу процесінде тарихи және логикалық әдістерден басқа әдістер (зандар, принциптер) де пайдаланылады: мән мен құбылыс, индукция және дедукция, талдау мен синтез, сандық белгіден сапалық белгіге оту, кездейсоқтықтан қажеттілікке, жекеден жалпыға оту және керісінше, абстрактыдан нақтыға оту және керісінше, қарама қайшылықтардың бірлігі мен куресі, терісті теріске шығару, мазмұн мен нысан, себептер мен салдарлар, мүмкіндік пен нақтылық, қажеттілік пен еркіндік, шындық пен шатасу, тұтас және бөлшек, құрылым мен элементтер, яғни жалпы әдістер, принциптер мен

зандар, философиямен тұтас әлемнің дамуының жалпыға тән принциптері мен зандылығы туралы көзқарас пен білімнің жүйесі ретінде ашу.

Қаржы туралы ғылым қару ретінде диалектикалық логиканың негізгі талаптарын зерттеу тәсілдерін алады: қарастырудың объективтілігі, жан- жақты қарастыру, қарастырудың нақтылығы, дамуды қарастыру, тәжірибе мен логиканың бірлігі, тәжірибелі та- ным негізі ретінде ғана емес, шындық критерийі ретінде есептеу.

Қаржы туралы ғылым бақылау, абсолютті шамаларды өлшеу және пайдалану, салыстырмалы шамаларды есептеу, орта шамаларды есептеу тәсілдерін; топтастыру, түрлөндірмелік, корреляциялық талдау тәсілдерін; трендті талдау, факторлы және інтижелі белгілердің арасындағы байланысты анықтаудың көлденен уақытты талдауын; мәліметтерді графикалық және кесте түрінде сипаттау, таңдау әдісін; тік құрылымдық талдау, салыстырмалы кеңістікті талдау, факторлы талдау, салыстырмалы түрге келтіру, талдаудың индексті әдісін; тізбекті алмастырып қою тәсілін, абсолютті айырмалық тәсілін, салыстырмалы айырмашылық тәсілін, ите- гралды тәсілді, логарифмдеу тәсілді; жіктеу, жүйелендіру, функционалды құндық талдау және т.б әдістерді пайдаланады.

Сонымен қатар қаржы туралы оқу-ғылым пәні модельдеу тәсілін, жүйелі тәсілді, сонымен қатар сыйықты бағдарламалаудың экономика-математикалық әдістерін, үлгі бойынша тарихи аналог пен болжау тәсілін, болжамды экстраполяция әдістерін пайдаланады.

Бухгалтерлік есеп әдістерінің де пайдаланылатындығын айта кеткен жөн: кірістер мен шығыстарды салыстырудагы баланстық тәсіл, бағалау мен есептілік тәсілі.

Қаржы туралы ғылым пайдаланатын әдістердің ішінде қаржылық болжау мен жоспарлау, қаржылық бақылау әдістері ерекше орынды алады.

Жоғарыда аталған әдістердің барлығы арнайы оқулықта сипатталған.



1.1.

Қаржының нарықтық экономикадағы қызметі

Қаржы экономикалық категория ретінде атқаратын функциялары арқылы іске асырылады. Кез келген мемлекет пен субъектінің қаржы саясатын жасау үшін қаржы функцияларын танып білу қажет. Қаржығының қаржысы мен үй шаруашылығы қаржысы арасында белгілі бірлік бар. Сонымен қатар бір жағынан жалпы мемлекеттік мұдделерге, екінші жағынан кәсіпорындардың кәсіпкерлік қызмет аспектілері мен азаматтардың жеке мұдделеріне негізделген айырмаышылқы та бар.

Қаржыға қатысты функция осы экономикалық категория атқара алатын әрекеттер шенберін сипаттайты. Онда категорияның тағайындалуы, оның экономикалық табигаты сипатталады.

Қаржының, ақша категориясының сипаты болып табылатын күрделі экономикалық категория екендігін айта кеткен жөн. Оның шекарасын накты белгілеудің мүмкіндігі жоқ, ол қоғамдық өмірдің барлық сферасына енеді. Қаржы функциясы мен оның саны туралы сұрақ талас туындағып отыр. Экономикалық категория ретінде қаржы – оның қаржылық қатынастар жүйесінде атқаратын әрекеттер жиынтығы болып табылады. Осы әрекеттер арқылы оның мәні ашылады.

Накты ақша айналымын реттеумен байланысты әрекет процесінде қаржының негізгі үш функциясы іске асырылады: ұдайы өндіріс, бөлу және бақылау.

Қаржының ұдайы өндіріс функциясы жай және кеңейтілген ұдайы өндіріс процесінде капиталдың ауыспалы айналымының барлық сатысында материалдық, еңбек және ақшалай қаражаттардың сәйкестігін қамтамасыз ету болып табылады. Ұдайы өндіріс жеке шаруашылық субъектілер шенберінде, олардың құндық нысанда сипатталған мұліктері негізінде жүзеге асырылады.

Қаражаттардың үздіксіз жүзеге асатын ауыспалы айналымы ақшалай қаражаттарды аванстаудан басталады. Аванстау

шикізаттарды, материалдарды, тауарларды, еңбекақы төлеу мен қызметтерге жұмсалған ақшалай қаражаттар кәсіпорынға өнімнің бір ауыспалы айналымында өндірілген немесе сатып алғынған тауарларды өткізуден, атқарылған жұмыстардан, көрсетілген қызметтерден түсім ретінде түскен кезде орын алады.

Инвестициялау кезінде ақшалай қаражаттар капитал сипатындағы мақсаттарға бағытталады және айналымнан ұзақ уақытқа шығарылады.

Бұл функция пайдалалық пен кәсіпорын активтерінің өтімділік көрсеткіштерімен сипатталады. Пайдалалық тауарларды, өнімдерді, жұмыстар мен қызметтерді өткізуден түскен түсімнің өндірілген шығындардан маңызды артық болу фактісін сипаттайты.

Активтердің (мұліктің) өтімділігі оларды оңай өткізу немесе ақшалай нысанға ауыстыру мүмкіндігін білдіреді. Қаржы ресурстарын тиімді басқару пайдалалықты көтеруге және ұзақ мерзімді инвестицияны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жоғарғы пайдалалық пен өтімділікті қамтамасыз ету үшін қаржы ресурстарын басқарудың сапасын жоғарылатуды қамтамасыз ету қажет.

Ұдайы өндіріс функциясы қаржы ресурстарының көлемінің есүіне алып келеді және жекелеген экономикалық субъектілердің қызметтеріне әртүрлі қаржы механизмдері арқылы, атап айтақанда салықтар мен бюджетке міндетті аударымдар және бюджеттен тыс қорлар арқылы әсер ететін мемлекеттің қаржы - несие саясатымен тығыз байланысты.

Кәсіпорындарды, ұйымдарды, бюджеттерді және бюджеттен тыс қорларды үздіксіз қаржыландыру үшін ақшалай қаражаттармен ағымды қамтамасыз ету, яғни төлемдерді, есеп айырысуарды жүргізу және ақшалай міндеттемелерді атқару қаржының ұдайы өндіріс қызметінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Ұдайы өндіріс қызметінің басты тапсырмасы ұзақ мерзімді инвестициялық мәселелерді шешу үшін капиталды жинақтау болып табылады.

Ұдайы өндіріс концепциясының ізбасарлары келесі тұжырымдарды жасайды:

- қаржы – өндіріс категориясы, өйткені өндіріс процесінде өндірістік қорлардың ауыспалы айналымын қамтамасыз етеді және осы процеске активті әсер етеді;

- қаржы – айырбас категориясы, ейткені айырбаста қоғамдық өнімді бөлу процесі жалғасады және қаржы осы бөлудің құралы болады; олар айырбас сатысында ақшалай қорларға тауарлы – материалдық құндылықтар сатып алынатын құн қозғалысын сипаттайтыны;
- қаржы тұтыну категориясына жатады, сондыктан олар түпкілікті тұтынуда пайдаланылатын қорларды қалыптастыруға қатысады.

Осы жағдайлардан қаржының әрекет сферасының барлық ұдайы өндіріс циклын қамтитындығы шығады. Осыған байланысты ұдайы өндіріс концепциясын жақтаушылар қаржыға келесі функцияларды үлестіреді:

1. Ақшалай кірістер мен қорларды құру;
2. Ақшалай кірістер мен қорларды пайдалану;
3. Бақылау.

Қаржының маңызды функциясы ұлттық кірісті (жалпы ішкі өнім – ЖІӨ) бөлу мен қайта бөлу, ал оны құрудың материалдық базасы қоғамдық өнімнің ұдайы өндіріс болып табылады.

Қаржы ЖІӨ құндық бөлудің құралы болып табылады, олардың қоғамдық тағайындалуы ақшалай нысанда сипатталған жалпы ішкі өнімнің құнын бөлу мен қайта бөлу, яғни нысаналы пайдалану бағыты бойынша әртүрлі шаруашылық субъектілері арасында бөлу. Қаржы бөлу қатынасының ерекше сферасы болып табылады және олардың мәні алдымен бөлу функциясы арқылы сипатталады.

Қаржының бөлу функциясы ұлттық кірісті оны өндірушілер мен тұтынушалыр арасында қайта бөлуге бағытталған. Қайта бөлудің мақсаты болып салық және бюджет саясаттары табылады.

Әрбір қаржылық операция қоғамдық өнім мен ұлттық кірісті бөлу және осы бөлуге бақылау жасау.

Ұлттық кіріс жинақтау қоры мен тұтыну қорын құрайды, олардың қатынасы экономиканың даму үйлесімі мен оның құрылымын анықтайтыны. Сонымен қатар жинақтау кеңейтілген ұдайы өндіріске, ал тұтыну қоры түпкілікті тұтыну үшін пайдаланылады. Мемлекет қаржыны шаруашылықты жүргізу нәтижесіне

тиімді әсер ету үшін ұлттық кірісті бөлу құралы ретінде пайдаланады. Осыдан кейін ұлттық кіріс құрылмайтын өндірістік емес сфераны (мемлекеттік басқару, білім беру, деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету) ұстау үшін болінеді.

Осыған байланысты ұлттық кіріс жинақтау қоры мен тұтыну қорына болінеді, содан кейін өндірістік және өндірістік емес сфера, сонымен қатар аймақтар, халық топтары арасында болінеді. Мемлекеттік аймақтар, өндірістік және өндірістік емес сфералар арасында қайта бөлу қызметінің негізгі болігі мемлекеттік бюджет (мемлекеттік республикалық және аймақтық бюджеттері) арқылы жүзеге асырылады.

Қаржының бөлу қызметі экономиканы құрылымдық қайта құруға әкеледі, оның басым салаларын (ауыл шаруашылығы, көлік, энергетика) анықтауға мүмкіндік береді. Ол өндірігіш күштерді дамыту, мемлекетті нығайту, халықтың өмір сүру сапасын көтеруге қол жеткізу мақсатында жүзеге асырылады.

Қаржы өзінің бөлу қызметін, сонымен қатар кәсіпорындар кірістерін қалыптастыру мен бөлу процесінде де аткарады. Өнімдерді өткізу барысында кәсіпорында өткізуден түсін және шығындарды жапқаннан кейін таза кіріс қалыптасады. Осы кірістің бір бөлігі мемлекеттік бюджетке, әлеуметтік сактандырудың орталықтандырылған қорларына түседі, ал келесі бөлігі еңбекақы, экономикалық ынталандыру және өндірісті кеңейту мен дамыту шығындарын қаржыландыру үшін кәсіпорын иелігінде қалады.

Бөлу функциясы ораталықтандырылған және орталықсыздандырылған болуы мүмкін ақшалай қорларды (кірістерді) қалыптастыру, бөлу және пайдалану бойынша әрекеттер қызметін орындаиды.

Субъектілер кірістерінің құралу көзі болып материалдық өндіріс сферасында құрылған, бастапқы бөлу процесінде экономиканың жекелеген тармағының бастапқы кірістерін құратын ұлттық кіріс табылады. Бұл кірістер қайта бөлу процесінде қоғамдық қатынастың басқа қатысуышыларының ақшалай қаражаттар қорларын жинақтау жолымен қалыптасады. Сонымен қатар бастапқыда материалдық өндіріске қатысуышылар арасында бастапқы кіріс қалыптасады, содан кейін ұлттық кірісті

қайта бөлу жүзеге асады, осының нәтижесінде өндірістік емес сфера шенберінде қайталама кіріс қалыптасады, сондықтан бұл функция екі этапта жүргізіледі.

Бастапқы кірістер сомасы үлттық кіріске тең болады. Бірақ бастапқы кірістер үлттық шаруашылық салаларының да-муына, мемлекеттік қажеттілік, халықтың қажеттілігі үшін әлі де қоғамдық ақшалай қорларды құрмайды. Үлттық кірісті одан әрі бөлу немесе қайта бөлу жалғасады. Ол қаражаттарды үлттық кіріс құрылмайтын, өндірістік емес сфераның болуына шарттастырылған, кәсіпорындардың кірістері мен жинақтарын тиімді және үткімды пайдалану мақсатында салааралық аймақтық қайта бөлу нысанында жүзеге асырылады; халықтың әртүрлі әлеуметтік топтары арасында қайта бөлу. Осылайша қайталама кірістер құралады. Оларға өндірістік емес сфера саласынан алынған, үлттық кірістің түпкілікті үйлесімділігін қалыптастыру үшін пайдаланылатын кірістер жатады.

Ақшалай қаражаттардың маңызды бөлігі мемлекеттік бюджет арқылы аймақтық, салалық және ведомстволық белгілері бойынша қорларды құру жолымен бөлінеді.

Қаржы үлттық кірістің бастапқы бөлінуінде, оны түпкілікті пайдалану үйлесімінде, сонымен қатар ел экономикасы үйлесімінде пайда болған үлттық кірістегі үйлесімде өзгеруге ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында үлттық кірісті қайта бөлу ел экономикасын қайта құру, экономиканың басым салаларын (ауыл шаруашылығы, энергетика, көлік, байланыс) дамыту, халықтың аз қамтамасыз етілген және аз қоргалатын белігі (зейнеткерлер, студенттер, жалғыз басты және көп балалы аналар, мугедектер) пайdasы мақсатында жүргізіледі.

Үлттық кірісті қайта бөлу экономиканың өндірістік және өндірістік емес сфералары, материалдық өндіріс салалары, елдің жекелеген аймақтары, меншік нысандары, халықтың әлеуметтік топтары арасында жүргізіледі.

Қаржының қатысуымен үлттық кірісті және жалпы ішкі өнімді (ЖІӨ) бөлу мен қайта бөлудің мақсаты – өндіріш күштерді дамыту, мемлекет негізін нығайту, халықтың тұрмыс деңгейін көтеру.

Бөлу функциясы үдайы өндіріспен байланысты, сондықтан та-уарды, өнімді, қызметті өткізуден түскен түсім шығындарды жабу мен пайдала бөлінеді.

Орталықтандырылған қорлар (бюджет, бюджеттен тыс қорлар және т.б.) арқылы қайталама бөлу өндірістік емес сферага ресурстардың түсін қамтамасыз етеді. Ол өндіріс процесінде құрылған пайдаланың бір бөлігін алу арқылы мүмкін болады.

Бөлу процесінің мәні өткізуден алынған түсім, басқадай өткізуден түскен кіріс пен өткізуден тыс кірістегі бюджет, бан-ктер мен контрагенттер алдындағы міндеттемелерді орындауға жұмысалуында. Сонымен қатар алдымен негізгі қорлардың жай үдай өндіріс шығындарын жабуды қамтамасыз ететін орнын тол-тыру қоры қалыптасады. Орнын толтыру қорын қалыптастырудың көзі болып тауарлар, өнімдер, жұмыстар, қызметтердің өзіндік құнының құрамына енетін негізгі өндірістік қорлар бойынша жалға беру төлемдері мен амортизациялық аударымдар табылады.

Қаржының бөлу функциясын жүзеге асыру процесінде соны-мен қатар еңбекақы төлеу қоры да қалыптасады.

Еңбекақы төлеу қоры тауарлар, өнімдер, жұмыстар, қызметтердің өзіндік құнына кәсіпорынның негізгі өндірістік қызметкерлерінің еңбекақы шығыны бөлігінде енеді, оған жұмысшылар мен қызметкерлерге сыйақылар, ынталандыруышы және өтемдік төлемақылар енеді. Төлемақылардың белгілі болігі кәсіпорынның таза пайдасты есебінен жүргізіледі – сыйақылар, материалдық көмек, тұрғын үй жағдайын жақсартуға сыйақылар, зейнетақыға қосымшалар, демалу мен емделуге жолдамалар, сая-хаттар және т.б.

Кәсіпорын жұмысшыларына ақша есептеу мемлекеттік бюд-жеттен тыс қорларға әлеуметтік сақтандыру бойынша жарна есеп-теуге негіз болады.

Пайда келесі мәнгө ие:

- жалпылама түрде кәсіпкерлік қызметтің нәтижесін сипат-тайды және оның тиімділік көрсеткіштерінің бірі болып табылады;
- кәсіпкерлік қызмет пен еңбек өнімділігін ынталандыруышы фактор ретінде пайдаланылады;

- кеңейтілген ұдайы өндірісті қаржыландырудың көзі және қәсіпорынның маңызды қаржы ресурсы болып табылады.

Жоғарыда аталған жағдайлардан пайданың көп қырлы сипатта болатындығын көруге болады, осыған байланысты оны зерттеуге жүйелі тәсіл қажет. Осында тәсіл құру, өзара әсер, бөлу және пайдалану факторлары жиынтығын талдауды қарастырады.

Құру факторларына қәсіпорынға әртүрлі қызмет түрлерінен, оның ішінде негізгі үлес салмақты алғышын өнімді, басқалай активтер мен негізгі қорларды өткізуден түсетін кіріс жатады. Құру факторының маңызды құраушысы болып басқа қәсіпорындарға үлесті қатысадан түсетін, оның ішінде еншілес қәсіпорындардан түскен кіріс, бағалы қағаздардан түсетін кіріс, қайтарымсыз қаржылық көмек, алған және төленген айыппұлдар қалдығы табылады.

Өзара әсер етуші факторлар – мемлекеттің қаржы-несие саясатын, оның ішінде салықтар мен салық ставкаларын, ссудалар бойынша пайыздық ставкаларды, белгілі шамада бағаны, тарифтер мен алымдарды анықтайтын сыртқы факторлар, сонымен қатар өзіндік құнды, еңбек өнімділігін, қор қайтарымын, қормен қаруландырылған айналымын қамтитын ішкі факторлар.

Бөлу факторлары – бұл бюджет және бюджеттен тыс қорларға, банктік және сақтандыру қорларына міндетті төлемдер, ерікті төлемдер, сонымен қатар қайрымдылық қорларына жарналарды қоса; пайданың қәсіпорында құрылған ақшалай қаражаттар қорларына бағытталған сомасы.

Пайдалану факторлары қәсіпорын иелігінде қалатын және тұтынуға, жинақтауға, әлеуметтік дамуга, құрделі және қаржылық салымдарға, залалдар мен басқалай шығындарды жабуға жұмсалатын пайдаға қатысты болады. Тауарларды, өнімдерді, жұмыстарды, қызметтерді өткізуден түскен түсім мен өткізуден тыс кірістер есебінен шығындар жабылады және қаржылық нәтиже қалыптасады. Ол қәсіпорын пайда алған жағдайда он және қәсіпорында залал болғанда теріс болуы мүмкін. Пайданың бір бөлігі бюджетке салық түрінде алынады. Қәсіпорын төлейтін

салықтар мен міндетті аударымдардың бір бөлігі қаржылық нәтижені қалыптастыруға дейін ағымды шығындар құрамына енгізіледі.

Қорларға түсетін ақшалай қаражаттар иесіздендіріледі. Бұл қорлар қаржылық ресурстарды қайта бөлу құралы болып табылады. Қайта бөлудің басты құралы – әртүрлі деңгейдегі бюджеттерді қамтитын, бюджеттік жүйе.

Қайта бөлу процесінде бюджеттен басқа әлеуметтік, салалық, аймақтық бюджеттен тыс қорларды құрайтын орталықтандырылған қорлар әрекет етеді. Барлық оргалықтандырылған қорлар нақты ұйымдастырушылық құрылымына ие. Осы қорлардың қаражаттарының түсі мен жұмсалуы смета негізінде жоспарланады, ал атқарылуы сәйкес өкілетті орган арқылы бекітіледі.

Бөлу процесстері кеңейтілген ұдайы өндіріске негіз болады, қәсіпорындар мен үй шаруашылығы үшін меншікті қаржы ресурстарын иеленуге мүмкіндік береді.

Қайта бөлу процесстері мемлекеттің орталықтандырылған қорлары мен бюджеттен тыс қорларын толықтыруға мүмкіндік береді.

Пайдадан республикалық және аймақтық деңгейде әлеуметтік бағыттағы қорларды құру нақты шаралар үшін қаржыландырудың көздерінің болуын қамтамасыз етеді.

Егер де ағымды жылды пайда болмаса, онда кеңейтілген ұдайы өндіріс мүмкіншілігі алдыңғы жылда жинақталған ресурстармен шектеледі, яғни өткен кезең пайдасы арқылы жүзеге асырылады.

Қаржылық дәрменсіздік пен сауықтырудың болмауы банкроттық жағдайына алып келеді. Ақшалай міндеттемелер атқарылмайды, қарыздар жинақталады, орталықтандырылған қорлар мөлшері қысқарады, ал олар өз кезегінде ақша ағынын, сонымен қатар бөлу және қайта бөлу процесстерін азайтады.

Осылайша, қайта құрылған құнды бөлу және қайта бөлу арқылы кеңейтілген ұдайы өндіріс пен жалпы мемлекеттік қажеттіліктер қамтамасыз етіледі, экономиканың қоғамдық секторын қаржыландырудың көздері қалыптасады, кірістер мен шығыстардың теңгерімділігіне қол жеткізіледі.

Қоғамдық үдайы өндірістің кез келген қатысушысын қажетті қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету, сонымен қатар ақша ағынының нысаналы тағайындалуы бойынша қозғалыс бағытын анықтау қаржының бөлу функциясы арқылы жүзеге асырылады.

ЖІӨ бөлу натуралды – заттай және ақшалай нысанда жүзеге асырылады. ЖІӨ ақшалай нысанда құндық бөлу көп кезеңде жүзеге асырылады, әрбір кезеңде қаржы қатысады. Сонымен қатар ақшалай қаражаттардың қозғалысы нақты бағытта болады және қоғамдық өндірістің әртүрлі қажеттіліктерін жабу үшін белгілі мақсатта жүзеге асырылады. Мұнда қоғамдық өндіріске қатысушылардың барлығы құрылған өнімнен өз үлесін алады.

Осылайша, қаржының бөлу функциясы бағытталған объекті болып ЖІӨ құны мен ұлттық кірістің бөлінетін бөлігі саналады.

Қаржының бөлу қызметінің субъектілеріне ақшалай қаражаттардың бағыты, мақсаты және көлемі бойынша меншікті, қарыз және тартылған капиталдың қаржылық ресурстарын қалыптастыру мен пайдалануы бойынша шешім қабылдайтын мемлекет, фирмалар, жеке кәсіпкерлер, үй шаруашылығы жатады.

Қаржы қоғамдық өмірдің барлық сфераларының бөлу процестеріне қызмет етеді: республикалық және аймактық деңгейде материалдық өндіріс және айналыс сфераларына; экономика салалары арасында, сала ішінде, сала тармақтары арасында, ел аймақтары арасында, кәсіпорын ішінде оның бөлімдері арасында және шығындау бағыттары арасында бөлінуі; әртүрлі субъектілер мен қаржылық механизм элементтері, қаржы нарығы әсер етуі мүмкін. Сала және кәсіпорын ішінде бөлуді экономикалық субъектілер, ал сала және аймақ арасында бөлуді қаржы нарығы, сонымен қатар бюджет – салық механизмі арқылы жүзеге асырылады. Жан басына шаққандағы кірістің ең жоғарғы көлемін иемденген аймақтар бюджетінен алып қоюлар жүргізіледі және бұл көрсеткіш жалпы республикалық деңгейден төмен аймақтарға субвенциялар мен дотацияларды беру түрінде жүзеге асырылады.

Қайта бөлу қоғамдық өнімді шаруашылық субъектілеріне салалық және аймақтық кесіндіде бөлудің көп жақты процесі, оның салдарынан үдайы өндіріске қатысушалырдың ақшалай қаражаттарға деген қажеттіліктері қанагаттандырылады. Сонымен

қатар бір қатысушының кірісі келесісінің шығыны болады және ұлттық кіріс жинақтау қоры (қаражаттар өндірістің кеңейтуге не-месе материалдық сфераның өндірістік қорларының, әлеуметтік инфрақұрылымның, өндірістік емес қорларының өсуіне, резервтер мен сактардыру қорларын құруға жұмысалады) мен тұтыну қорына (барлық халықтың үдайы өндіріс үшін пайдаланылатын түпкілікті кірісі, әлеуметтік сfera, ғылым, мәдениет, басқару мекемелері мен елдің корғанысын ұстау үшін қажетті ресурстар) айналады.

Қаржының бөлу концепциясын жақтаушылар қаржы үдайы өндірістің басқа сатылары болып табылатын өндіріске, айырас пен тұтынуга активті әсер етеді деген тұжырымды айтады. Бұл олардың тұғырнамасын үдайы өндіріс тұғырнамасымен байланыстырады.

Уақыт бойынша қаржының бөлу функциясы бақылау функциясы қатынасында бастапқы болып саналады және ақшалай қаражаттар қорын құру және пайдалану сатысында әртүрлі субъектілердің мүдделерін қамтиды. Бөлу функциясын жүзеге асыру кезеңінде субъективті экономикалық және әлеуметтік негізделмеген тәсілдер орын алуы мүмкін, ол ақша қаражаттарын ұтымсыз шығындауға экеледі, сондықтан қаржылық шешім қабылдайтындар тарарапынан объективтілік ете қажет.

Қаржының атқаратын функцияларының шекарасын белгілеу қажет. Қаржының бөлу концепциясын жақтаушылар қаржы қоғамдық өнімнің екінші сатысында – бөлу сатысында пайда болады, ал бұл олардың ерекшелігін нықтайды деп көрсетеді.

Аталған концепция қаржының екі функциясын мойындайды: дәстүрлі болып саналатын бөлу және бақылау функциялары.

Қаржының бөлу концепциясын жақтаушылар үдайы өндіріс процесін реттеу бөлу функциясы арқылы жүзеге асырылады деп бекітеді. Өндіріс сатысы мен басқа сатылардың мәні томендептіледі.

Қаржының келесі маңызды функциясы бақылау, өйткені қаржыландыру процесінің қатысушыларының әрқайсысы өздерінің экономикалық мүдделерін басшылыққа алатындықтан, жалпы ішкі өнімді бөлу процесінде қаржы ресурстарын жоғалтуды болдырмау мақсатында бақылау қажет.

Қаржы ақшалай нысандағы ЖІӨ құн қозғалысымен байланысты, сондықтан олар ұдайы өндіріс процесін толығымен және оның жекелеген сатыларын сандық түрде сипаттауға, ЖІӨ құндық бөлу үйлесімі туралы ақпарат беруге қабілетті. Қаржының бақылау функциясы экономикалық жүйенің құндық үйлесімін бақылауға мүмкіндік береді. Қор және қор емес нысандағы қаржы ресурстарының көлемі, құрылу мерзімі, шығындау бағыты, тиімді пайдалану туралы ақпарат басқарудың әртүрлі деңгейінде жедел және стратегиялық шешімдерді қабылдау үшін қажет.

Қаржының бақылау функциясы кез келген деңгейдегі экономикалық субъектілерді қаржыны ұйымдастырудың жалпы принциптері мен олардың қоғамдық ұдайы өндірістің әртүрлі сфераларында қызмет етуінің ерекше жағдайлары арқылы анықталатын, қаржылық шаруашылықты жүргізуін міндетті тәртібі ретінде қаржылық тәртіпті сақтауға ниеттендіреді.

Бақылау функциясы, мемлекеттің қатысуымен мемлекеттік бюджеттік қаражаттарының құралу және пайдалану сферасында да, олардың тұрақты дамуын, ресурстардың тиімді пайлануын, өнімсіз шығындар мен ысырапты қысқартуды қамтамасыз ету, уақытты босқа өткізу пен алайқтықты жою мақсатында жеке деңгейде қаржылық бақылау нысанында жүзеге асырады.

Қаржылық бақылау процесінде қаржы зандылықтарының сақталуы, мемлекет алдындағы бюджетке төленетін салықтар мен басқалай міндетті төлемдер бойынша қаржылық міндеттемелердің, контрагенттер алдындағы міндеттемелердің орындалуы тексеріледі.

Қаржылық бақылау макро және микро деңгейде алдын ала, ағымды және кейінгі болуы мүмкін.

Алдын ала бақылау қаржылық жоспарды жасау барысында жүргізіледі. Мысалы, мемлекеттік бюджеттің бюджеттік жіктемесінің баптары бойынша құрылу мен жұмсалудың көлемі мен бағытын, оны әртүрлі оқылымда заң нысанында қабылдағанға дейін қарастыру арқылы, парламент бақылайды. Облысытық маслихаттар жергілікті бюджетті шешім нысанында қабылдағанға дейін қарастыра отырып, бақылайды. Бюджеттік жіктеменің әрбір бабы министрліктер мен ведомстволар бойынша кірістер

мен шығындардың сметасы нысанында, ал олардың ішінде экономикалық субъектілер бойынша ажырату арқылы бекітіледі. Кірістер мен шығындар баптарындағы өзгерістер нактылау процесінде жоғарыдан төменге қарай жүргізіледі.

Ағымды бақылау Қазынашылық бюджеттің атқарылу процесінде, қаржыны аймақтық басқаруда, ал кейінгі бақылау бюджетті бекіткен инстанциялар бюджеттің атқарылуы туралы есепті құрастырғаннан кейін жүзеге асырылады.

Осылайша, қаржылық бақылауды қаржыны басқару органдары атқарады: ҚР Парламенті, ҚР Президентінің жаңындағы Бақылау тексеру басқармасы жергілікті жерлерде өздерінің органдарын (аймақтық деңгейдегі қаржы басқармасы, Қазынашылық, салық полициясы, салық инспекциясы, Мемлекеттік кеден комитет) пайдаланып, ведомстволар, экономикалық субъектілердің әкімдіктері, аудиторлық фирмаларды пайдалана отырып Қаржы министрлігі жүргізеді.

Қаржының бақылау функциясының мәні, атқарылуы бақылау обьектісі болып табылатын, экономикалық және әлеуметтік өсу параметрлері мен сыртқы экономикалық қызмет жағдайын мемлекеттің анықтауы мен экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларды қалыптастыруында.

Бұл функцияны әртүрлі деңгейдегі құқықтық актілерде тіркелген көрсеткіштер жүйесі, санкциялар жүйесі, ынталандыру мен жеңілдіктер арқылы, сонымен катар қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының басым жүйелері көмегімен мемлекеттік бақылау органдары, оның ішінде қаржылық бақылау органдары жүзеге асырады.

Бақылау функциясы жиынтық қоғамдық өнімнің белгілі қорларға бөлінуі мен олардың нысаналы тағайындалуына сәйкес жұмсалуына бақылау жасаудан көрінеді.

Бақылау функциясының мақсаты: қоғамдық және жеке өндірістің тұрақты дамуын қамтамасыз ету; халық шаруашылығының барлық тармактарында жұмыс сапасын арттыру; ғылыми-техникалық прогрессті жеделдеть; экономикалық ынталандыруды кетеру; материалдық, еңбек, қаржы ресурстары мен табиғи байлыкты ұтымды және ұқыпты жұмсай; өнімсіз

шығындар мен залалдарды қысқарту болып табылады. Олар халық шаруашылығының өндірістік және өндірістік емес сферасына таратылады. Оның басты тапсырмасы – қаржы заңдылығының сақталуын, бюджет жүйесі, банктер алдындағы қаржылық міндеттемелердің, сонымен қатар кәсіпорындар мен ұйымдардың есеп айырысу мен төлемдер бойынша өзара міндеттемелерінің орындалуының уақтылығы мен толтықтығын тексеру.

Қаржы жүйесі мен салық қызметінің қызметкерлері қаржылық бақылауды қаржылық жоспарлау процесінде, бюджеттік жүйенің кіріс және шығыс бөлігінің атқарылуы барысында жүзеге асырады.

Қаржының бақылау функциясы барлық уақытта да накты обьектіге ие: ол кәсіпорынға басқарудың бірінші обьектісі ретінде, оның құрылымдық бөлімдеріне, накты деңгейдегі бюджетке, қайсібір бюджеттік қорға және жеке алынған тұлғага бағытталуы мүмкін.

Қаржының бақылау функциясы ұдайы өндіріс және бөлү функцияларымен байланысты. Ол қайсібір шешімді қабылдауда активті рөл атқаруы немесе ақшалай қаражаттар мен ұдайы өндіріс процестерінің нәтижесін әлсіз сипаттауы мүмкін.

Бақылау функциясы алынған кірістердің сәйкестік дәрежесін, өндірістік көлемін кеңейту үшін ақшалай қаражаттар қорының құрылымын анықтауда; кәсіпорынның, бюджеттің, бюджеттік емес қорлардың, үй шаруашылығының кірістері мен шығындарының арасындағы сәйкесіздікті түзетуде көрінеді.

Қаржының бақылау функциясы микро және макро деңгейде келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- қаржыландырудың барлық көздері бойынша ақшалай қаражаттар қорларына сомалардың дұрыс және уақтылы аударылуын бақылау;
- ақшалай қаражаттар қорының белгіленген құрылымының сақталуы мен олардың өндірістік және әлеуметтік даму қажеттіліктерін есепке ала отырып жұмсау бағытын бақылау;
- қаржы ресурстарын нысаналы және тиімді пайдалануын бақылау.

Қаржының бақылау функциясы ақшалай қаражаттар қорының мөлшері мен олардың қалыптасу көздерін анықтайтын нормалар мен нормативтер негізінде, ал қаржы ресурстарының пайдаланулығы ақшалай қорлардың құру және жұмсаудың жоспарлы және есепті сметалары негізінде жүргізіледі.

Кәсіпорындарда қаржының бақылау функциясы өнімді, тауарды, жұмысты, қызметті еткізуден түсетін түсімдері, үй шаруашылығының кірістерін, бюджетті алушыны қаржыландаудыруды бақылауды; өзін өзі қаржыландыру, пайдалылық пен тиімділік деңгейін бақылауды қамтиды.

Өзін-өзі қаржыландыру деңгейін бақылау меншікті, карыз және тартылған қаражаттар құрылымын талдау негізінде жүргізуі мүмкін.

Өтімділік айналымдағы капиталдың қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасы (өтімділік коэффициенті) бойынша бақыланады.

Капиталдың айналымдылығы еткізу көлемі мен негізгі және айналым капиталының немесе баланс валютасының қатынасы (активтердің айналым коэффициенті) бойынша бақыланады.

Бақылау функциясы бөлү функциясы қатынасында екінші болып саналады және ең алдымен жиынтық қоғамдық өнім мен ұлттық кірісті ақшалай қорларға бөлү мен олардың нысаналы жұмсалуын бақылаудан көрінеді. Ол ақшалай қаражаттардың көлемі мен бағыты бойынша бақылау мен қаржы органдары жүзеге асыратын бақылау арқылы көрінеді.

Қаржының көмегімен экономикалық субъектілерде өндіріс пен өнімді еткізу циклында ақшалай кірістерді құруға, материалдық және еңбек ресурстарын, негізгі және айналым қорларын пайдалануда үнемдеу режимін сақтауга, ынталандырушы және басқалай қорларды құру мен пайдалануға бақылау жасалынады.

Қаржы менеджерлерінің тапсырмасы – пайданың жинақтау қоры мен тұтыну қорына белгініне бақылау жасау, сонымен қатар осы қорлардағы қаражаттардың нысаналы тағайындалуы бойынша пайдалануына бақылау жасауды жүзеге асыру болып табылады.

Осылайша, қаржы өндіріс пен өнімді еткізу процесінде ақшалай қаражаттар қорын құру, бөлү және пайдалануға бақылау жасау құралы болады.

Қаржының бақылаушы функциясы кәсіпорынның контрагенттермен, жоғарғы үйымдармен, банктермен, жабдықтаушылар мен тұтынушылармен жіберілген тауарларды, көрсетілген қызметтер мен атқарылған жұмыстарды, келісімшарт жағдайларын орындауды төлеумен байланысты өзара қатынасында да жүзеге асырылады.

Қаржының бақылаушы функциясы сонымен қатар бюджет алдындағы міндеттемелер мен бюджеттен қаржыландыру процесінде де жүзеге асырылады. Қаржы органдары мемлекеттік ақшалай қаражаттарды жұмсаудың заңдылығын, салықтарды төлеу толықтығын, бюджеттен тыс қорларға аударымдарды тексереді.

Қаржының бақылау қызметі тұгас мемлекет шенберінде респубикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын КР Парламенті және облыстық маслихаттар тарапынан бақылау нысанында да жүзеге асырылады. Қаржы ресурстарын бөлу көрсеткіштеріне, мемлекеттік бюджеттің атқарылуына, ел экономикасының үйлесімділігіне талдау жасалынады.

Қаржының бақылау функциясы экономикалық категория ретінде қаржылық бақылауда басқарудың ерекше функциясы ретінде көрінеді, сондықтан бұл түсініктер әртүрлі болады. Бақылау функциясы қаржының қасиеті болып табылады, ал қаржылық бақылау – оның экономикалық тәжірибеде пайдалануы. Барлық ақшалай қатынастарға бақылау функциясы тән, ол тек жалғыз емес.

Қаржы бөлу және бақылау функциясын жүзеге асыратын қаржы механизмі ел экономикасында қаржы қатынастарының нысандарын, ақшалай қаражаттардың орталықтандырылған және бөлшекті корларының қалыптасу және пайдалану тәртібін, қаржылық жоспарлау әдістерін, қаржыны және қаржы жүйесін басқару нысандарын, қаржылық заңдылықтарды қамтиды.

Қаржы ұдайы өндіріс, бөлу және бақылау функциясынан басқа реттеу функциясын атқарады. Бұл функция қоғамдық ұдайы өндіріс процесіне мемлекеттің мемлекеттік шығындар, салықтар, мемлекеттік несие арқылы араласуымен байланысты. Экономиканы реттеу мақсатында сонымен қатар қаржылық және бюджеттік жоспарлау, бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу пайдаланылады.

Қаржы жүйесі үшін жоспарлау, үйымдастыру, ынталандыру функцияларының да мәні зор.

Жоспарлау функциясы: (стратегиялық, ағымды, жедел) мақсаттарды қалыптастыру мен оларға жету жолын таңдауды, сонымен қатар кәсіпорындар мен үйымдардың дамуының болжамы мен бизнес жоспарларын, үй шаруашылығының кірістері мен шығындарының сметасын жасауды қарастырады. Көп жағдайларда жоспарлау функциясына даму басымдықтары мен мақсаттарын есепке ала отырып қаржы ресурстарының шектелген қолемін бөлуді де жатқызады.

Үйымдастыру функциясы: кәсіпорынның үйымдастыру – құқықтық нысанын, бюджеттік құрылымды таңдауын, бюджеттік процесте биліктің заңды және атқарушы органдарының өкілеттілігін шектеуді, қаржы органдары бөлімдерінің құқықтары мен міндеттерін анықтауды қарастырады.

Ынталандыру функциясы: алға қойылған мақсаттарды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін тиімді құралдар мен тәсілдерді таңдауды қарастырады. Ол қаржы қызметіне әсер ететін факторларды түсіндіруге мүмкіндік береді. Қаржының тактикалық және стратегиялық аспекттері бойынша шешім кабылдау процесіндегі адамдардың іс әрекетін анықтайтын факторлар маңызды рөл атқарады.

Қаржы қатынасының жекелеген сфералары операция мазмұны, әрекет объектілері, мақсаттары бойынша ерекшеленеді. Мысалы, салық салу сферасында, мемлекеттік бюджетте, мемлекеттік несиеде, материалдық өндіріс сферасында, өндірістік емес сферада, тұтыну сферасында қаржының қызмет ету жағдайы мен сипаты әртүрлі.

Осыған байланысты қаржыны басқарудағы ерекшеліктеріне байланысты қаржының келесі қосалқы жүйелерін ерекшелеуге болады: мемлекеттік қаржы, шаруашылық субъектілерінің қаржысы, үй шаруашылығының қаржысы, бюджеттентискорлар, мемлекеттік несие, халықаралық қаржы, қаржы нарығы, сактандыру.

Қаржы қатынастарын жүзеге асыру қаржы пәні шенберінде жүргізілуі қажет. Қаржы пәні мемлекет пен ведомстволардың нормативті актілерінде көрсетілген нормаларды, нормативтерді, лимиттерді, бақылау сандары мен басқалай қаржы параметрлерін

толық сақтауга негізделеді. Ол бюджет – салық саясатын, төлем және есептеу пәнін қамтиды және қаржының дүрыс қызметіне қажетті қалыпты жағдай болып табылады.

Кірістер мен корларды құру және пайдалану процесінде пайда болған қаржы қатынасының әртүрлі сипаты, экономикалық процестерге қатысушылардың түрлі құрамы қаржы функциясының түрлі мазмұнын негіздейді.

Қаржының түрлі авторлар ерекшелейтін функцияларының көптігі қаржының қайта аталған функцияларының қаржы рөлімен араласпау жағдайында ғана мүмкін болады.

Қаржы функциялары келесідей жүзеге асады:

- экономиканы басқарудың барлық деңгейінде (республикалық және аймақтық);
- қоғамдық өмірдің барлық сферасында (материалдық өндіріс, айналыс сферасы, түпкілікті тұтыну сферасы);
- барлық экономикалық субъектілерді (кәсіпорын қаржысы, кешендер қаржысы, мемлекеттік бюджет, бюджеттен тыс корлар).

Осылайша, қаржы функциялардың тұтас спектрін атқарады. Олардың әр қайсысы – қаржы категориясының көп жақтарының бірінен көріну, ұдайы өндіріс процесінің әртүрлі сатыларында, атап айтқанда өндіріс, бөлу, айырбас пен тұтыну сатыларында қозғалыста болатын ресурстарға белгілі мақсатта әсер етуі жүзеге асыру мүмкіндігі.

Қаржы функциялары спектрінің әрбір функциясы «қаржы» категориясының сапалық мінездемесінің бірін айрықшалайды және өзін қаржы қатынасының кез келген түрінде басқа функциялармен өзара байланысында көрсетеді

1.4.

«Қаржы» пәнінің мақсаттары мен тапсырмалары

«Қаржы» курсының мақсаты студенттерді қаржы қызметінің экономикалық және ұйымдастырушылық негізіне оқыту болып табылады, ол үшін қаржының пәнін, объектісін, әдісін, мақсаттары мен тапсырмаларын, мәнін түсінү; нарық жағдайында жүзеге

асыру функциясын, рөлі мен принциптерін білу; әлеуметтік – экономикалық процестердегі қаржыны басқару формасын, әдістерін, құралдарын; экономикалық саясаттағы қаржы саясатының мәні мен орнын; елдің қаржы жүйесінің құрылымын білу қажет.

Оку барысында студенттер қаржы қатынастары белгісінің нақты анықтамасын, олардың обьектілері мен субъектілерін, кез келген деңгейдегі қаржы жүйесінің құқықтық негіздерін, мақсаттары мен тапсырмалар кешенін игерулері қажет.

Әртүрлі сфералардағы, ел экономикасы салалары деңгейінде және әлемдік экономикадағы қаржы қатынастарының ерекшелігіне айрықша көніл бөлу қажет. Ұдайы өндіріс процесінде қаржы мәселелерін анықтауды және оларды шешу жолдарын таба білуді үйрену қажет.

Студенттер қаржы жұмысының теориялық базасы мен тәжірибелесінің өзара байланысын игерулері, экономикалық процестер мен құбылыстарда қаржылық заңдылықтарды анықтай білудері, оларды экономикалық субъектілердің мақсаттары мен тапсырмаларын шешуде пайдалана білудері, сонымен қатар отандық және дамыған шетелдік мемлекеттердің инвестициялық қаржылық қатынастар тәжірибелерін пайдалануды игерулері қажет.

Оқыту процесінде студенттер экономикалық құбылыстардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін, әсер ету факторларын, қаржылық құбылыстардың елдің экономикалық жүйесіндегі орнын анықтай білуді, өндірістің тиімділігін көтерудің анықталған резервтерін жүзеге асыру үшін қаржы процестерін жіктең, модельдеуді, сонымен қатар қоғамдық жүйені реформалау жағдайында республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету үшін қайта құралдардың бағыттарын негіздеуді; ұдайы өндіріс процесін қаржылық реттеудің нарықтық әдістерін жүзеге асырудың мүмкін альтернативті тәсілдерін өз бетінше табуды, қаржылық ақпарат ағынында, қаржының нормативті-құқықтық базасандағы өзгерістерде бағдар алуға үйренуі қажет.

Пән курсында аталған мақсатқа жету үшін келесілерді анықтау бойынша тапсырмалар:


- оку курсының пәнін, әдісін, мақсаттары мен тапсырмаларын;

- қаржыны ұйымдастырудың мәнін, функцияларын, принциптерін, олардың үдайы өндірістегі экономикалық табиғатын және экономикалық рөлін;
- оларды әзірлеулер мен өткізу, қаржы саясатын зерттеу, қаржы мен қаржылық бақылауды ұйымдастыру мен басқару арқылы бағытты пайдалану мүмкіндігін; қаржыны мемлекеттік реттеудің жалпы принциптерін, әдістері мен нысандарын;
- қаржылық катынасқа қатысушылар, ақша жүйесіндегі қаржының орнын;
- қаржы нарығы мен оның құрылымының түсінігін; нарықтық экономика жағдайында мемлекеттің қаржы жүйесін ұйымдастыру мен оның құрылымына әсер ететін факторлардың өзара әсерін, оның тармақтарының сипаттамасын;
- қаржымен байланысты функциялардың мазмұнын; Қазақстан Республикасындағы қаржы катынастардың құқықтық негізін, қаржылық бақылау түсінігін, оның түрлері мен оларды ұйымдастыруды;
- ел экономикасының әртүрлі сфераларының экономикалық субъектілері қаржыларының негіздері мен қызмет ету принциптерін, әртүрлі ұйымдастыру-құқықтық нысандар қаржыларының ерекшеліктерін; экономиканың кәсіпкерлік секторында негізгі және айналым қаражаттарын қаржыландыру мен несиелеуді; кәсіпорынның қаржылық нәтижелерінің қалыптасуын, олардың қаржылық дәрменсіздігін; экономикалық субъектілердің нысаналы ақшалай қорларының қалыптасуы мен пайдаланылуын, мемлекеттің дамуының экономикалық, әлеуметтік, саяси жағдайларының өзгерісінде қаржыны жетілдіруі мүмкіндіктерін;
- сактандыру мен сактандыру нарығының бағыттарын, сактандыру нысандары мен түрлерін;
- тәжірибеде мемлекеттік бюджеттің, оның кірістері мен шығыстарының, бюджет тапшылығы мен оны жабу нысандарының, бюджеттік процестің мәселелерін, салық жүйесінің қызметі мен салық пен алымдардың негізгі

- түрлерінің ерекшеліктерін, елдің бюджет жүйесінің мәселелерін; мемлекеттік және муниципалды қаржының өзгеру тенденциясын; жергілікті өзін өзі басқару органдары қаржысының ерекшеліктерін; қаржы сферасында биліктің заңды және атқарушы органдарының тапсырмаларын, жұмыстарын ұйымдастыру мен өкілеттілігін; қаржылық бақылау жүйесін;
- мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың тағайындалуы мен қалыптасу тәртібін, мемлекеттік несиені ұсыну механизмін, сыртқы экономикалық саясат жүйесінде халықаралық несиені ұйымдастыруда, олардың дамуының қазіргі мәселелері мен тенденциясын, мемлекеттік қарызыды басқаруды;
 - үй шаруашылығы қаржысының негізін, олардың кәсіпорын қаржысымен, мемлекет және муниципалды қаржиларымен өзара байланысын;
 - әлеуметтік сфераны қаржыландыруды анықтау тапсырмалары шешіледі.

Барлық тапсырмалар экономикалық тұрақтылық пен өсу мақсатында, экономикалық жүйеге әртүрлі деңгейдегі субъектілердің әсер етуі арқылы қарастырылады.

Әсіресе, нарықтық экономикасы дамыған елдерде қаржыны ұйымдастыру тәжірибесін зерттеудің маңызы зор және оны Қазақстанның нарықтық экономикасының ұлттық моделіне критерийлерді, нысандарды, әдістерді, процестерді бейімдеуде сынақтан өткізу қажет.



Қаржының пайда болу көздері, олардың мемлекетпен және тауарлы-ақша қатынасымен байланысы

Елдегі қалыптасқан қоғамдық-экономикалық формация мен мемлекеттік құрылым типі ұлттық қаржының мәнін, оларды өзгерту заңдары мен үдайы өндіріс процесіндегі рөлін анықтайды.

Қаржы тарихи түсінік болып табылады, ейткені ол мемлекеттің пайда болуы мен дамуымен, қоғамның класстарға бөлінүмен қатар жүрді.

«Қаржы» теримні *finis* – соңы (финиш) деп аударылатын латын сөзінен шыққан, ол төлемнің аяқталуын, келісім шарттың бітуін білдіреді. Соңынан ол *financia* сөзіне өзгерген, яғни ақшалай төлемді білдіреді, ал соңынан мемлекеттің, кез келген шаруашылық бірлігінің немесе олардың кешенінің кірістері мен шығыстарының жиынтығы ретінде қарастырылады.

Қаржылық қатынастар қоғам дамуының бастапқы сатыларында пайда болды және тарихшылар оның шығуының нақты уақытын атамайды. Біреулері мемлекет ақшалай нысанда салықтар мен алымдарды (Ежелгі Рим, Вавилон, Ежелгі Египет, Ежелгі Грекия) жинай бастаганда, келесілері бұдан ертерек діни ұйымдарға жарна төлеуден басталған деп атап көрсетеді.

«Қаржы» термині XIII – XV ғасырларда Италияның сауда қалаларында пайда болды және кез келген ақшалай төлемді сипаттады. Одан әрі ол халықаралық деңгейде тарапалы және халық пен мемлекет арасындағы ақшалай қаражаттардың мемлекеттік қорларын қалыптастыру бойынша ақшалай қатынастар жүйесімен байланысты, түсінік ретінде пайдалана бастады.

Осылайша бұл термин екі субъектінің арасындағы ақшалай қатынастарды сипаттады; субъектілер, әсіресе мемлекет осы қатынастар процесінде әртүрлі құқықтарға ие болды; осы қатынастар процесінде ақшалай қаражаттардың жалпы мемлекеттік қоры – бюджет қалыптасты; бюджетке қаражаттардың үздіксіз түсі салықтарға күштеу сипатын бермей мүмкін емес.

Формациялық тәсіл бойынша қоғам дамуында, өндіріс құрал – жабдықтарына деген меншік нысаны негіз болып табылатын үстемдіктері өндірістік қатынастар типіне байланысты, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік, социалистік мемлекеттерді ерекшелейді.

Капитализме дейінгі формацияда мемлекет қажеттілігінің маңызды бөлігі натуралды түрдегі алымдарды атқарумен қанагаттандырылды. Мемлекет шығындары соғысты жүргізуге, монарх сарайларын ұстауға, шіркеулерді, жолдар, су құбырлары, суару жүйелері құрылышына, мемлекеттік аппаратты ұстауға жұмысалды; кірістер соғыстан жаулап алынған аймақтардан алым ретінде түсken табыстардан, мемлекеттік мүлікті пайдалану мен

сатудан түсken алымдардан, баж салықтары мен қарыздардан, жер мен малды иеленушілерден алынатын салықтардан түсті; соғыс кезінде мүлік салығы енгізілді.

Феодализмнің құлдырауында және өндіріс пен тауарлы шаруашылықтың капиталистік әдісінде ақшаның рөлі өсе түсті, ақшалай кірістер, мемлекеттің шығындары мен елдің ақша массасы өсе бастады, натуралды алымдар қолемі қысқарды.

Ертеректе мемлекеттерде мемлекет басшысының ресурстары мен мемлекеттің ресурстары тұтасты құрады, бөлінбейтін болды, өйткені басшы оны өзінің меншігі ретінде санады. Соңынан XVI ғасырда осы бөлу жүзеге асты, мемлекеттік қазына енгізілді, мемлекеттік қаржы, мемлекеттік бюджет, мемлекеттік несие пайда болды.

Осы кезеңге дейін меркантилдік типтегі мемлекеттік саясат тән, ұлы географиялық ашу кезеңінен кейін және колониялардың қалыптасуынан кейін орасан зор байлық өндірілді. Олар салықтар мен қарыздармен қатар капиталды жинақтауға, алғашқы мемлекеттік немесе жеке капиталистік қасіпорындарды құруға қатысты. Сонымен қатар отандық қасіпорындарға өнімге жоғарғы баға коюға, пайданы соңынан өндірісті кенейтуге бағытталатын жоғарғы қолемін алуға мүмкіндік беретін протекционизмнің жоғарғы деңгейі тән болды.

Кез келген мемлекет, оның функцияларын жүзеге асыруды мақсат ететін қорларды қалыптастыру мен пайдалану жүйесін құрады.

Әрбір елдерде ақшалай қорларды құру нысандары мен әдістері, алу нысандары мен салық салу обьектілері әртүрлі болып келеді. Салық салу обьектілері болып мүлік пен кіріс қатысады. Алу нысандары – тікелей және жанама салықтар мен алымдар. Мемлекеттік қажеттілікті натуралды тәсілмен жабу сақталып отыр, мысалы, жалпы әскери жауапкершілік.

Қазіргі заманғы мемлекеттерде ақшалай қаражаттардың маңызды бөлігі мемлекеттік бюджетте жинақталған.

Қазіргі мемлекеттердің шығындарының құрылымы әртүрлі, бірақ мемлекеттердің басым бөлігінде шығындардың маңызды бөлігі әскер қажеттіліктеріне, мемлекеттік аппаратты ұстауға,

куштеу аппараты (соттар, полиция, түрмелер) мен мемлекеттік қарызға қызмет етуге кетеді, аз үлесі әлеуметтік салаларға жұмсалады.

Соңғы екі ғасырда мемлекет монополиямен қосылды, өзінің қоғамдық өнімді өндіру, бөлу және пайдалану процесіне қатысу функциясын жеткілікті дәрежеде кеңейтті, осылайша бірқатар кәсіпорындар мен банктердің жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі бар. Мемлекеттің шығындары үнемі өсуде, соғыс жылдары күрт өседі.

Әлемнің мемлекеттерінің қоғамдық өмірді демократияландыру негізінде прогрессивті индустримальды өсуі, социализмнің швейцариялық моделіне қарай, әлеуметтік мақсаттарға (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыздандыру, тұргын үй және т.б.) бөлінетін қаражаттар үлесін бірте-бірте өсереді.

Мемлекет, шаруашылықтың мемлекет менишігінде болуы тиіс маңызы салаларына (энергетика, көлік, байланыс, өнеркәсіптің басқа салалары), ауыл шаруашылығына ерекше қолдау көрсете отырып, мемлекет тарапынан күрделі қаржыландыруларды жүзеге асыра отырып, экономикалық реттеу қызметін күштейтеді.

Осыған байланысты салаларда мемлекеттік секторлар өседі, жұмыссыздық төмөндейді, мемлекеттің инновацияға, энергияның альтернативті көздеріне, оның ішінде атом өнеркәсібін кеңейтуге шығындары өседі. Индустримальды дамыған елдерде мемлекеттік қаражаттар есебінен атом өнеркәсібі құрылған. Экономиканың нақты секторы күрт өсті. Отандық экспорттаушыларға әлемдік нарықты жаулап алудың үшін, салық женілдіктері берілді.

Мемлекеттік реттеу үшін шығындардың ұлғаюы бір ел шенберінде ғана емес, сонымен қатар аймақ шенберінде де байқалады. Қауымдастық елдері аймақтық мәселелерді шешу үшін үкімет аралық қорларды құрады, ол мәселелерді келесідей сипаттауға болады: жұмыссыздық деңгейін төмөндөту, салалардың дамуындағы үйлесімсіздікті жою. Соңғы жылдары қоршаған органды қорғау, кедейлерге көмек пен қалған аймақтарға, дамушы елдерге берілетін көмек шығындарының көлемі көтерілуде.

Осы жағдайлардың барлығы мемлекеттік және жергілікті бюджеттерге ресурстарды жинақтаудың негізгі қаржылық тәсілі және ұлттық кірісті қайта бөлудің маңызды құралы болып табылатын

салықтық түсімдер есебінен ұлғайтуды қажет етеді.

Салық спекторларының ішіндегі маңыздысы бірқатар елдерде өсіп отырған жеке және заңды тұлғаларға салынатын тікелей та-быс салығы есептеледі. Жанама салықтар да өсуде: қосылған құн салығы, акциз салығы, кедендік баж салықтары. ЖІӨ құрамындағы салықтардың үлес салмағы өсуде.

Салықтардың өсуі мемлекеттік бюджетті үнемі болатын және мемлекеттік қарыз көлемінің өсуіне экелетін тапшылықтан сақтамайды.

ХХ ғасырдың екінші жартысында бірқатар елдерде әртүрлі деңгейдегі жәнестағайындалудағы бюджеттен тыс қорлар, жергілікті аймақтық қаржылар, мемлекеттік кәсіпорындар қаржысы пайда болды, яғни мемлекеттік қаржылық қатынастар сферасы кеңейді.

Акционерлік қоғам, ал олардың құрылтайшылары миллиондаған халық болып табылатын жеке ұлттық және трансұлттық компаниялардың сфералары да кеңейді. Меншіктің акционерлік нысаны нарықтық экономикасы дамыған елдерде кеңінен таралуда, өйткені бұл капиталдың жинақталуында ақшалай жинақтардың инвестицияға айналатын ең қолайлы нысаны болып табылады.

Көптеген кәсіпорындардың акциялар, облигациялар мен банк несиелерінсіз жұмыс істеуі мүмкін емес, себебі өздерінің капиталы қайсібір жобаны жүзеге асыру үшін жеткілікті деңгейде болмайды. Бұл әртүрлі меншік нысанындағы кәсіптің даму мүмкіндігін шектейді.

Қаржының даму тарихы қаржыгер ғалымдардың еңбектерімен тығыз байланысты.

«Қаржы» терминінің авторлығы 1577 жылы «Шесть книг о республике» атты еңбегін жариялаған француз ғалымы Ж.Борденанга тән. Әлемнің барлық елдері, бұл терминді француз тілінен қабылдаған.

Қаржыға арналған еңбектің тұңғыш авторы «О доходах Африканской Республики» атты еңбекті жазған Ксенофонт болды, ал мемлекеттік қаржының принциптері Аристотельдің «Афинское государственное устройство» еңбегінде сипатталған.

Еуропалық ғалым Фома Аквинский салықтарды жинауға бақылау жасаудың қажеттілігін негіздеуге тырысты.

А.Смит пен Д.Рикардо мемлекеттік кірістер, мемлекеттік шығыстар, салықтар сияқты қаржылық категорияларға сипаттама бере отырып қаржы теориясына классикалық тәсілді сипаттады; салық салудың негізгі принциптерін қалыптастырыды.

Ағылшын экономисті Джеймс Стюарт салық салынбайтын ең төменгі деңгейді енгізу туралы ұсыныс жасады. Ол және американдық ғалым П.Самуэльсон мемлекеттік бюджетті қалыптастыру үшін салық салу көлемін керекті мемлекеттік қызмет көлемімен байланыстырыды.

Швед экономистері К.Виксель мен Э.Менданль, швейцарлық Жак Сисмонди өздерінің еңбектерінде мемлекеттік шығындардың экономиканы нығайту құралы екендігін көрсетті.

Неміс ғалымдары М.Вебер мен А.Вагнер салық салудың қосымша белгілерін көрсетті және елдегі кіріс пен байлықты қаржының көмегімен әділ бөлу мүмкіншілігін қарастырыды.

К.Маркс пен Ф.Энельс бюджет тапшылығы мен профицитке, мемлекеттік шығыстарға, мемлекеттік несиеге баға берді, мемлекеттік шығыстардың салықтар көлемімен байланысын көрсетті.

ХХ ғасырдың оргасына авторы Д.Кейнс болған жаңа теория қалыптасты. Ол өзінің 1929 – 1933 жж. Экономикалық дағдарыс фактілеріне негізделген «Общая теория занятости процента и денег» деген еңбегінде үкіметті нарық өзін өзі мұлдем реттей алмайтындықтан, мемлекеттік нарықты активті реттеуді жүзеге асыруға шақырды. Бұл теория макро тұрақтылықтың пайда болуы мен оны ұстал тұруды табиғи жолмен, яғни нарықтың өзін-өзі реттеуі орын алады деп тұжырымдайтын буржуаздық классикалық теорияның антиподы болды.

Кейнсиандық теория кең мойындауға ие болды және көптеген мемлекеттердің экономикалық және қаржылық саясатының негізі болып қабылданды. Кейнс теориясында тиімді сұраныс мақсат болып табылады, мақсатқа жеткен кезде экономикалық дағдарыстың мәселелері, оның бірі жұмыссыздық шешіледі. Кейнсиандықтардың көзқарасы бойынша мемлекеттік шығыстардың өсуі мультиәсерге ие болатындықтан, ұзақ мерзімді макро тұрақтылық жағдайын

қалыптастырады. Бұл халықтың жұмыспен қамтылуын көтереді, қоғамдық өндіріс көлемінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді және экономикалық өсуді қамтамасыз етеді. Бұл теорияның тағы бір ұсынысы қарызға мемлекеттік қаржыландыру болды.

Осылайша, капитал мен еңбекті экономикаға араласудың құралы ретінде ортақтастыру жағдайында мемлекеттік шығыстардың қаржылық категориясын пайдалану ұсынылды, ол қәсіпкерлік қызметті тірілтіп, жұмыссыздық деңгейі мен әлеуметтік шиленісін төмендетуге, ұлттық кіріс пен халықтың әл-ауқатын көтеруге мүмкіндік береді.

Д.Кейнс теориясын неокейсиандықтар (А.Ханс, С.Харрис – АҚШ, Р.Харрод – Англия, Ф.Перу – Франция) жетілдірді, олар оның негізінде экономикалық өсу теориясын, макро тұрақтылықты бекіту, бағаны тұрақтандыру, инфляция қарқыны мен жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында мемлекеттік кірістер мен мемлекеттік шығыстарды өзгерту механизмін құратын, фискалдық циклдыққа қарсы теория нысанындағы жаңа қаржылық концепцияны жасады.

Кейнсиандық модельдің құлдырауынан кейін неоклассикалық ағылшын мектебінің өкілдері Р.Слоу, Дж.Кенрик (АҚШ), А.Роббинс, Дж.Мид шектелген мемлекеттік реттеуде еркін қәсіпкерлік идеясын дамытты, мемлекеттік шығыстардың жалпы көлемін қыскартуды, білім беруге, ғылымға, әлеуметтік қажеттіліктерге шығындар үлесін ұлттайтуды, салық деңгейін қысқартуды, тапшылықсыз бюджетке қол жеткізуді ұсынды.

К.Марктің концепциясына сәйкес құн өндірістің тек бір факторы – жұмыс күші – арқылы құрылса және аударылса, неоклассикалық қаржы теориясы өнімнің құны басты үш өндірістік факторлар капитал, еңбек және жер арқылы құралады деген өндіріс факторлары концепциясына негізделеді.

Қазіргі заманғы қаржы ғылымында бір қаржы теориясының келесі қаржы теориясына енүі байқалады, яғни белгілі мәмілелеге қол жеткізіледі. Оның ішіндегі ең әйгілісі болып американдық экономист А.Лаффердің теориясы саналады, ол «Салықтың жоғарғы ставкалары экономикалық өсуді тежейді» деген тұжырымды қалыптастырыды.

Бұл ұсыныстар Қазақстанда салық реформаларын жүргізу кезінде пайдаланылды. 2009 жылғы Салық кодексі салық ставкаларын төмөндеуін көрсетті: ҚҚС 12%-ға дейін, КТС 15%-ға дейін төмөндеді.

Д.Кейнsten кейінгі зерттеушілер мемлекеттік араласуды қаржы механизмі көмегімен кеңейту, мемлекеттік қаржы саясатын монополияның әрекетін шектейтіндей, әскери шығындарды азайтатындағы, әлеуметтік қажеттілікке деген шығындарды ұлғайтатындағы етіп қалыптастыру идеясын ұсынады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік экономикалық және қаржылық саясат әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайында осы принциптерді ұстанады.

Галымдардың ұсынып отырған қаржы концепциялары экономикалық теорияның бір бөлігі болып табылады, оны және қаржы ғылымын толығымен байытады. Қаржы ғылымының ұсыныстары мемлекеттің қаржы саясатының негізі, елдің экономикасын нығайту және әлеуметтік қатынастарды турақтандыру мақсатындағы жалпы экономикалық стратегиясы болып табылады. Прогрессивті қаржы идеялары елдің әл-ауқатын көтеруге ықпал етеді.

ХХ ғасырдың экономикалық теориясында негізгі орынды мемлекеттік қаржыны зерттеу алды. Кеңестік қаржы ғылымы өзінің дамуында қаржылық бақылау сұраптарын жасады, жаңа қаржылық аппаратты құруды, мемлекеттің қаржылық жағдайын нығайтуды, ақша реформасын жүргізуді, мемлекеттің қаржы саясатын жүзеге асырды. А.Зверев, Э.Вознесенский, А.Александров қоғам дамуының кеңестік кезеңінде қаржы теориясын құрды.

КСРО құлдыраганнан кейін қаржы ғылымы сферасында нарықтық қатынастарды қалыптастыруда пайда, қаржылық ресурстар, кірістер, мемлекеттік шығындар, салықтар, баға, мемлекеттік реттеу сияқты категориялар зерттеледі.

Теориялық қаржы концепциясының дамуына келесі ресейлік галымдар маңызды үлес қости: А.Д. Ковалева, В.М. Радионова, А.М. Абрамов, Л.С. Александрова, О.В. Соколова, А.И. Балабанов, И.Н. Жук, П.И. Вахрин, Л.А. Дробоздина, Т.В. Брачева, М.И. Яндиев, Л.П. Твид, П.Н. Шуляк, Н.П. Белотелова.

Қазіргі заманғы Қазақстанда қаржының жаңа бағыты құрылуда. В.Д. Мельников, Қ.Қ. Илясов, З.Д. Искакова, Н.К. Кучукова, С.М. Омирбаев, С.С. Сахариев сияқты отандық қаржыгер галымдардың енбегін атап өту қажет.

Аталған галымдардың еңбектерінде қаржы туралы галымдардың қазіргі сипаты, қалыптасады, экономикалық қаржы тәжірибесінде тексеруді қажет ететін мәселелер мен таласты сұрақтар көтеріледі.



Бақылау сұрақтары:

1. «Қаржы» оку курсын зерттеу пәнін анықтаңыздар.
2. «Қаржы» пәнінің зерттеу объектісіне нелерді жатқызуға болады?
3. Зерттеу пәнінің зерттеу объектісінен ерекшелігі неде?
4. Қоғамдық-экономикалық формациядағы өндірігіш күштер немесе өндірістік қатынастар құрамындағы «Қаржы» оку курсының пәні мен объектісінің орнын түсіндіріңдер.
5. Қаржы туралы ғылымда пайдаланылатын материалистік диалектика тәсілдерін атаңыздар.
6. Қаржы туралы ғылымда қолданысқа алынған диалектикалық логика тәсілдерін атаңыздар.
7. Зерттеулер барысында қаржы туралы ғылым пайдаланатын статистикалық тәсілдерді атаңыздар.
8. «Қаржы» пәнінің мақсаттары мен тапсырмаларын атаңыздар.
9. Қаржы жүзеге асыратын функцияларды атаңыздар.
10. Қаржы қатынастары пайда болатын көздер туралы айтып беріңіздер.